



СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ

ҚҰТТЫҚТАУ

ЖАС ТҮЛЕКТЕР МЕКТЕППЕН ҚОШТАСТЫ



тұр. Қадам басып отырған жаңа өмір жолында сіздердің жігерлі мен қайратты болып, алда тұрған Ұлттық бірыңғай тестілеу сынағынан сәтті өтіп, әр уақытта алдыңғы белестерден көрінулеріңізге тілектеспін. Мектеп қабырғасында алған білімдеріңіз, барлық күш-жігерлеріңізді Тәуелсіз еліміздің игілігін арттыруға, одан әрі нығайтуға жұмсайды деп сенемін.

Құрметті ұстаздарға түлектерге сапалы білім беріп, өмірлік ұстанымдары мен адамгершілік негіздерін қалыптастыруда адал да,

ақ жол тілесе, аудандық білім бөлімінің басшысы Қуаныш Бакытұлы мен №1 орта мектептің директоры Аерке Тлебалдиева оқу жылында жақсы нәтиже көрсеткен ұлағатты ұстаздарды Алғыс хатпен марапаттады.

Салтанатты жиында қатысушылар ата-бабалар рухына тағзым етіп, бір минут үнсіздікпен еске алды. Аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы бастаған топ мектеп ауласындағы ескерткішке гүл шоқтарын қойып, естелікке суретке түсті.

Айтулы шара аяқталар тұста қоңырау сыңғыры естілді. Мектеп түлектері

Дүйсенбі күні аудан мектептерінде соңғы қоңырау сыңғырлады. 2025-2026 оқу жылы аяқталып, жас түлектер мектеппен қоштасты. Жыл қорытындысымен үздік мұғалімдер мен оқушылар марапатталды.



жемісті еңбектері үшін ерекше алғысымды білдіремін. Баршаңызға сәт сапар, ақ жол тілеймін, – деген өңір басшысы бірқатар ардагер ұстаздар мен еңбегімен еленген мұғалімдерге марапат табыс етті.

Келесі кезекте сөз алған аудандық Қоғамдық кеңестің төрағасы Рүстем Бегалиев, ардагер ұстаз Райкүл Омарова жас түлектерге ізгі тілегін арнап,

«Қоштасу» вальсін биледі.

Айта кетерлігі, биылғы оқу жылында аудан бойынша 537 түлек 11-сыныпты бітіруде. Оның ішінде 45 оқушы үздік аттестатқа, 23 оқушы «Алтын белгі» төсбелгісіне үміткер. Жалпы саны 1345 оқушы облыстық, республикалық байқаулар мен олимпиадаларда жеңімпаз бен жүлдегер атанған.

Шұғыла АҚШАБАЙ

№1 орта мектепте өткен «Білімім-Отаным!» атты соңғы қоңырау салтанатты іс-шарасының шымылдығы 10-сынып оқушыларының шашу биімен түрілді. Ортаға мемлекеттік Туымыз шығарылып, Әнұранымыз орындалды. Салтанатты жиынға арнайы келіп қатысқан аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы білім беру жүйесінің маңызды мақсаттарына тоқталып, жас түлектерге сәттілік тіледі.

– Заманауи білім беру жүйесінің маңызды мақсаттарының бірі – әлеуметтік немесе экономикалық жағдайына және тұрғылықты мекеніне қарамастан балалардың барлығына бірдей мүмкіндік жасау. Бұл жөнінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім

кеңесінің үшінші отырысында ауыл мен қала мектептерінің бүгінгі туралы: «Келесі бір маңызды міндет – қалалық және ауылдық мектептер арасындағы алшақтықты азайту», – деген болатын. Шындығында да, қазіргі таңда ауыл мектептері болашақ ұлт мектебінің негізін қалаушы болып саналады.

Жамбыл ауданында барлық бала үшін сапалы тәрбие мен білім алуға теңдей қолжетімділікті қамтамасыз ету бағытындағы мемлекет саясатын жүзеге асыру үшін кешенді жұмыс жүргізілуде. Мемлекет басшысының тапсырмасымен бекітілген «2029 жылдың соңына дейін кемінде 1000 мектеп салу» жөніндегі Жол картасына Жамбыл ауданынан 7 мектеп құрылысы енгізіліп, жоспарға сай жұмыстар жүргізілуде.

Мектеп бітіруші түлектердің алдында болашақ мамандық таңдау және алдағы білім алу жолын анықтау белесі

Менің өмірлік мектебім

Адамның өміріне бір өзгерістер әкелетін кезеңдер болады. Менің өмірімде сондай бір өзгеріс 1980 жылы болды. Бірнеше жыл аудан орталығындағы Жеңістің 30 жылдығы атындағы орта мектепте мұғалім болып қызмет атқарып, аудандық білім бөліміне әдіскер болып ауысқан кезім, бір күні білім бөлімінің аға инспекторы Райкүл Омарова шақырып алып: «Сен орыс тілі маманысың ғой, аудандық «Шұғыла-Радуга» газетіне тілші болып барасың ба?» – деп, мені сол кездегі редактор Базар Қылыбаевқа жұмсады.



Бақыт СЫРЛЫБАЕВ, «Шұғыла» газетінің 1980-1985 жылдардағы тілшісі, бөлім меңгерушісі.

→ 4

ЖАЗЫЛЫМ- 2026

ЖАМБЫЛ АУДАНДЫҚ «ШҰҒЫЛА-РАДУГА» ГАЗЕТІНЕ «ҚАЗПОШТА» АҚ ЖӘНЕ РЕДАКЦИЯ АРҚЫЛЫ 2026 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР



6 айға – 3763,50 теңге

РЕДАКЦИЯ АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

6 айға – 2700 теңге

Жазылым индексі 68991

ЖАЗЫЛЫМ БӨЛІМІ: 2-17-98, 8 747 659 42 68



ӨҢІР ӘЛЕУЕТІ —



Тараз қаласын айнала қоршай орналасқан Жамбыл ауданы – климаты жұмсақ, сулы да нулы өңір. Табиғаты мен жер жағдайы өнеркәсіп пен кәсіпкерлікті, ауыл шаруашылығын өрістетуге өте ыңғайлы. Осыған орай бәрінен бұрын ауданда қолайлы инвестициялық ахуалдың қалыптасып отырғаны қуантады. Соның арқасында халықтың әлеуметтік жағдайы түзеліп, жекелеген азаматтардың табыс көзі ұлғая түскен.

Мақсат ЖҰМАБАЕВ

Аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлының айтуынша, елімізде жүргізіліп жатқан реформалардың жемісі аудан экономикасына да оң әсер етуде. Алға қойған мақсаттар мен межелі міндеттердің дер кезінде орындалуы ауданның тұрақты дамуына негіз болуда. Сырттан инвестор тарту, шағын және орта бизнеске қолдау көрсету, заманауи жобаларды жүзеге асыру секілді шаруалардың арқасында аудан экономикасының тамырына қан жүгірді.

– Өткен жылғы 8 қыркүйектегі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауы жаңа даму кезеңіндегі басты бағындыруды міндет етіп қойды. Соның есебінен ауданда толайым табыстарға қол жеткізілді.

Былтыр Тараз қаласы аумағының кеңеюіне байланысты ауданнан 4 ауылдық округтегі 11 елді мекен мен ондағы 36357 адам облыс орталығының құрамына енді. Қазіргі таңда ауданға қарасты 13 ауылдық округтегі 31 елді мекенде 51286 тұрғын бар.

Өткен жылы аудан бойынша экономикалық өсім қалыптасып, өнеркәсіп өнімінің көлемі 4,1 пайызға, құрылыс жұмыстары 31,6, сауда саласы 13,7, негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 75,3 пайызға артты.

Ауданда 12 шағын өнеркәсіп нысаны ырғақты жұмыс істеуде. Соның арқасында өнеркәсіп саласында 44,5 миллиард теңгенің

өнімі өндіріліп, нақты көлем индексі 104,1 пайызды көрсетті. Өнеркәсіп саласының ішінде өңдеу өнеркәсібінің көлемі 38,8 миллиард теңгеге жетті. Сонымен қатар тау-кен өндіру өнеркәсібінің көлемі 1,9 миллиард теңге деңгейінде қалыптасты.

Электр энергиясы, газ бен бу жеткізу және ауаны кондициялау қызметтерінің көлемі 3,6 миллиард теңгені құрап, 133,6 пайыздық айрықша көрсеткішке ие болды. Сонымен қатар таза ауызсумен қамту, кәріз жүйесі және қалдықтарды кәдеге жарату сынды маңызды сервистік салаларда 82,4 миллион теңгенің жұмысы атқарылып, жоспарланған жеке толықтай дерлік орындалды. Бұл көрсеткіштер өңір экономикасының заманауи технологиялық қуат пен сапалы коммуналдық қызметке негізделгенін айғақтайды. Осылайша өндірістік өсім мен инфрақұрылымдық жаңғыру үдерісі ауданның әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығының берік тірегіне айналып отыр.

Ауданның экономикалық өсу қарқынын негізгі капиталға салынған қаржы көлемінен аңғаруға болады. Мәселен, негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 35 миллиард 413 миллион теңгені құрады.

Былтыр аудан аумағында жалпы құны 1,8 миллиард теңге болатын 5 инвестициялық жоба сәтті іске асырылып, нәтижесінде 71 жаңа жұмыс орны ашылды. Осы жылға жаңадан 9 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарланып отыр. Атап айтқанда, Бірлесу-Еңбек ауылы аумағынан «Кнауф-Гипс-Тараз» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі гипсокартон және құрғақ қоспалар өндіру зауытын кеңейтуді қолға алуда. Осы мақсатта 28 гектар жер телімі бөлінді. Құны 14,5 миллиард теңге болатын жобаның қуаты – жылына 22 миллион шаршы метр гипс және гипсокартон өндіру. Электр желісі, газ құбыры секілді инженерлік-инфрақұрылымдық желілерді тарту бойынша

көрсетпек. Орталық жылына 25 мың жолаушыны қабылдай алады.

Ақбастау ауылдық округінде «Сіргелі» шаруа қожалығы 3000 басқа арналған мал бордақылау кешенін салмақшы. Сонымен қатар «Еркежан» шаруа қожалығы балық шаруашылығын ашуды жоспарлауда. Мұнда 40 тонна балық өсіріледі. Бүгінгі күнге екі ауылдық округтегі барлық жоба бойынша тиісті жер телімі берілген. Қазір құрылыс жұмыстары қарқынды жүрде, – дейді Ерлан Қыдыралыұлы.

Ауданда жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 6 мыңнан асып, өндірген өнім көлемі 52,2 миллиард теңгеге жеткен.

Жалпы кәсіпкерлік салада 7967 адам еңбек етеді. Демек, аудан экономикасында шағын және орта бизнестің үлесі артып келеді.

Мемлекеттік бағдарламалар аясында кәсіп бастаймын деген азаматтарға жан-жақты қолдау көрсетілуде. Мәселен, «Бірыңғай кешенді бағдарлама» арқылы жалпы құны 109 миллион теңгені құрайтын 4 жоба

жүгері, картоп, бақша өнімдері мен көкөніс, қант қызылшасы бойынша мол өнім жинаған. Мал азығы да жеткілікті көлемде дайындалған.

Шаруашылықтардағы техникалар біртіндеп жаңартылып келеді. Жалпы құны 869 миллион теңгеден асатын 100-ден аса ауыл шаруашылық техникасы сатып алынған.

Суармалы жерлерді ылғалдандыруға да жіті көңіл бөлінген. Мысалы, Тоғызтарау ауылы аумағында Аса өзеніне гидротехникалық нысан салынса, «Сұлтан» каналына шлюз орнатылған. Одан бөлек, бірнеше ауылда каналдарды тазалау, бетон науалар орнату жұмыстары жүргізілген. Мал шомылдыратын орындар жасақталған. Аса ауылында жеке кәсіпкер ірі мал сою алаңын іске қосты. Жобаның құны жарты миллиард теңгеге жуықтайды. Кәсіпорын күніне жүздеген ұсақ мал союға қауқарлы.

Биыл аудандық бюджет есебінен Бірлесу-Еңбек және Ерназар ауылдарынан 68,1 миллион теңгеге ветеринарлық пункт алу жұмыстары жүргізілуде. Ащыбұлақ ауылында «Марқабай» каналы, Ақбастау ауылдық округінде «Қызыларық» каналы тазаланса, 15 миллион теңгеге «Қызыларық» каналына темірбетон лотоктар орнатылмақ.

2025 жылға игерілмеген жерлерді қайтару жоспары 4000 гектар болып бекітілді. Жыл қорытындысымен 4040 гектар жер учаскесі мемлекет меншігіне қайтарылса, оның 257 гектары – суармалы егістік, 74 гектары – суарылмайтын егістік. 3620 гектары жайылым болса, 74 гектары – шабындық, 15 гектары – бөгде жер.

Өткен жылы «Ауыл аманаты» жобасының бесінші бағыты бойынша жеке кәсібін ашу



жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, қазіргі уақытта құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Зауыт осы жылдың төртінші тоқсанында іске қосылады, сол кезде 100 жаңа жұмыс орны ашылмақ.

Айшабиби округіне қарасты Әулікөл ауылы аумағынан «KEGOC» акционерлік қоғамы 5 миллиард теңгеге қуаты ПС500/220/10кВ болатын электр стансасын салмақ. Бүгінгі күнге электр стансасын кеңейту бойынша жүргізіліп жатқан құрылыс жұмыстарының қарқыны ойдағыдай. Өткен жылы тиісті трансформатор құрылыстары сатып алынған болатын. Осы ауыл аумағынан «Jurgu-Masdar (Abu Dhabi future energy company)» компаниясы 25 шақырым әуе электр желісін жүргізуді жоспарлауда. Биыл басталған жоба келесі жылдың басында аяқталады.

Аталған ауылдық округте «ГЭСМЫРЗАТАЙ» ЖШС бу-газ қондырғыларын өндіру зауытын іске қосуды жоспарлап отыр. Қуаты 50 мВт-ға (200 мВт ұлғайтумен) тең. Осы арқылы 60 жаңа жұмыс орнын ашу көзделуде. Аудан әкімдігі тарапынан 7 гектар жер бөлініп, өндіріс аймағын барлау-бұрғылау жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ «Dostar brendfish» ЖШС балық шаруашылығын қолға алуда. Онда жылына 50 тонна балық өсірілмек. Бүгінгі күнге тиісті жер телімі беріліп, құрылыс-монтаж жұмыстары қыза түскен. Сол секілді «БAM Холдинг» ЖШС көкөніс сақтау қоймасын ашады. 800 миллион теңгелік жоба жылына 5000 тонна көкөніс сақтауға қауқарлы. Ал «Дауымбаев Омархан» жеке кәсіпкерлігі жолаушыларға қызмет



қаржыландырылып, 17 жаңа жұмыс орны ашылған. Сонымен қатар «Өрлеу» бағдарламасы аясында «Super-pharm» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне 879 миллион теңге көлемінде қаржылай қолдау көрсетілген.

Ауыл шаруашылығы саласында ірі оқиға болды. Жалпы өнім көлемі 56 миллиард 584 миллион теңгені құрады. Оның ішінде өсімдік шаруашылығының үлесі 36 миллиард 893 миллион теңгеге жетсе, мал шаруашылығы бойынша өндірілген өнім көлемі 19 миллиард 285 миллион теңгені құраған.

Асыраушы салаға тартылған инвестиция көлемі шамамен 1 миллиард теңгеге жуықтап, өткен жылмен салыстырғанда өсім 67,3 пайызға жеткен. Есепті кезеңде аудан бойынша 52 мың гектарға жуық жерге егін егілген. Әсіресе көпжылдық шөп пен көкөніс алқаптарының көлемі басым. Өткен жылы дикандар бидай, арпа,

мақсатында Жамбыл ауданынан барлығы 56 жоба 400 миллион теңгеге қаржыландырылды. Ауыл шаруашылығы саласында 525 шаруашылыққа 3 миллиард 147 миллион теңге көлемінде мемлекеттік қолдаулар көрсетілген. «Аграрлық несие корпорациясы» және «ҚазАгро Қаржы» акционерлік қоғамдары арқылы 64 шаруашылық 1,5 миллиард теңгеге несиелендірілген. «Дихан» несиелік серіктестігі арқылы егін шаруашылығында 3 нысанға 77,9 миллион теңге, мал шаруашылығында 3 нысанға 23,3 миллион теңге несие берілген.

Былтыр ауданда құрылыс жұмыстары 13 миллиард 568 миллион теңгеге жүргізіліп, нақты көлем индексі 131,6 пайызды құраған. Бюджет қаражаты есебінен бүгінде 7,7 миллиард теңгеге 25 нысанның құрылысы қолға алынған.

Аса ауылынан аудандық бюджет есебінен 2023 жылы 5

ӨНІМДІ ӨНДІРІСТЕН

нысанның құрылысы басталған. Атап айтқанда, аудандық мұражай, аудандық мұрағат, аудандық кітапхана, жасөспірімдерге арналған үйірмелер орталығы ғимаратының және «Аса» стансасында теміржол арқылы өтетін жаю жүргіншілер көпірінің құрылысы жүргізілген. 2024 жылы 2 нысан, 2025 жылы 3 нысан пайдалануға берілген. 2026 жылы Бесағаш, Ш.Ниязбеков ауылдық мәдениет үйлері мен Тастөбе ауылдық спорт кешенінің құрылысы аяқталмақ. Өрнек және Ш.Ниязбеков ауылдарындағы әкімшілік ғимаратының құрылысы жүргізілетін болады.

Қолға алынған құрылыс жұмыстары елді мекендердің инфрақұрылымын жаңартып қана қоймай, тұрғындардың өмір сапасын арттыруға бағытталып отыр. Жаңа нысандар халыққа қолайлы орта қалыптастырып, ауылдардың ажарын аша түспек.

Ауданда инфрақұрылым мәселесіне де айрықша көңіл бөлініп келеді. Елді мекендерді ауызсумен, табиғи газбен және сапалы жолмен қамту бағытында жүйелі жұмыстар атқарылып, соның нәтижесінде ауылдардың тұрмыс-тіршілігі жақсарып, тұрғындарға қолайлы жағдай жасалуда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылдың соңына дейін халықты 100 пайыз таза ауызсумен қамтамасыз етуді тапсырған болатын. Бұл міндет ауданда дер кезінде орындалғанын айта кетуіміз керек. Сонымен қатар ауданда елді мекендерге газ тарту жұмысы жүз пайызға орындалды.

– Президент тапсырмасына сәйкес елді мекендерді сапалы ауызсумен қамтамасыз ету жұмыстары толығымен аяқталды. Атап айтқанда, 2022 жылы Қаракемер ауылы, 2023 жылы

жұмыстары осы жылы аяқталады. Нәтижесінде өткен жылдың қорытындысымен жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жергілікті маңызы бар автожолдар үлесі 98,4 пайызға жетті.

Ауданға қарасты 13 ауылдық округтегі 31 елді мекенде 322,8 шақырымды құрайтын 382 көше мен бұрылыстар бар. 2025 жылы ауылшілік жолдарды жөндеу бойынша 710,5 миллион теңгеге жалпы ұзындығы 21,9 шақырымды құрайтын 19 жоба іске асырылды. Соның арқасында жыл қорытындысымен жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы ауылшілік көшелердің үлесі 92 пайызды көрсетті.

2026 жылы ауылшілік жолдарды жөндеу бойынша 162,4 миллион теңгеге жалпы ұзындығы 2,7 шақырымды құрайтын 4 жоба іске асырылады. Бүгінгі күнге мердігерлер анықталып, келісімшартқа қол қойылды.

Былтыр ауданшілік қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын субсидиялауға 7 бағытқа 236,8 миллион теңге бөлінген болатын. Жолаушылар Қаратау



Бесағаш-Түрксіб, 2024 жылы Ернарар, 2025 жылы Жаңаөткел, Өрнек, Жұма ауылдарының ауызсу құбырлары пайдалануға берілді. 2024 жылдан өтпелі Бектөбе, Қызылшарық елді мекендеріндегі ауызсу жүйесінің құрылысы толық аяқталып, Тараз қаласы әкімдігінің теңгеріміне өткізілді.

Аудандағы 31 елді мекен толығымен табиғи газ жүйесімен қамтылды. 2025 жылы Тоғызтарау, Жаңаөткел, Құмсуат, Сенгірбай елді мекендерінің ауылшілік газбен қамту және Сенгірбай ауылына дейін магистральды газ құбырын тарту жұмыстары аяқталып, нысан дер кезінде қабылданды.

Аудан бойынша автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы – 332,2 шақырым. Былтыр 22,1 шақырым аудандық маңызы бар 5 автомобиль жолы 667,7 миллион теңгеге орташа жөнделді. Өткен жылдан өтпелі 10,50 шақырымды құрайтын Айшабибі-Қаратау бөлімшесі жолының жөндеу

– Айшабибі – Аса бағытына 400 теңге, Ш.Ниязбеков – Қапал – Аса бағытына 250 теңге төлейді. Сол секілді Ернарар – Өрнек – Жұма – Аса және Жаңаөткел – Тоғызтарау – Құмсуат – Өрнек – Аса бағытына жолақы – 200 теңге. Сенгірбай – Шайдана – Ащыбұлақ – Тастөбе – Еңбек – Рахат – Аса бағытына жолақы 180 теңге болып бекітілген. Қаракемер – Құмтыын – Аса және Шоқай – Бірлесу Еңбек – Аса бағыты бойынша жолаушылар 150 теңге төлейді. 2026 жылға ауданшілік қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын субсидиялауға 7 бағытқа 236,4 миллион теңге бөлінді.

2025 жылы аудандық бюджет есебінен көшелерді жарықтандыруға бөлінген жалпы қаржы көлемі 302,5 миллион теңгені құрады. Нәтижесінде 15 елді мекеннің 44 көшесі жарықтандырылды. Қызылқайнар ауылының 3 көшесінің ескі бағаналары мен желілері

ауыстырылып, Тастөбе ауылына трансформатор орнатылды. 2 елді мекеннің қосалқы стансасы мен трансформаторы ағымды жөнделді. Жамбыл ауылының ауызсу мұнарасына дейінгі электр желісінің сымдары 38,8 миллион теңгеге ауыстырылды.

Ауылшілік көше шамдары істен шыққан жағдайда қалпына келтіру шығындарына да былтыр тиісті қаржы бөлінген. Аудандық электр жүйесі мекемесі тарапынан 2025 жылы Қапал ауылының 0,4 кВ әуе желісінің темір бетонды 104 бағанасы және 10 кВ желінің темір бетонды 5 бағанасы, бір қосалқы трансформаторлық қосалқы стансасы және 4710 метр электр сымы жаңасына алмастырылды. Жамбыл ауылында ескі бағананың орнына 71 метр бетонды бағана және 3330 метр электр сымы, бір қосалқы трансформаторлық станса жаңаланды. Аса ауылдық округі бойынша 2 қосалқы трансформаторлық станса және 85 метр бетонды бағанасы, 4200 метр электр сымы және 10кВ желінің 20 бағанасы, 2800 метр сымы ауысты. Ернарар ауылдық округі бойынша 281 метр бетонды бағанасы, 3 трансформаторлық қосалқы станса және 6830 метр электр сымы жаңаланды.

2026 жылы Аса елді мекенінде жалпы ұзындығы 55,34 шақырым 10/04кВ әуе желілері және 25 дана 10/0,4кВ қосалқы трансформаторлық станса ауыстырылады, – дейді Ерлан Қыдыралыұлы.

Жамбыл ауданы тұрғындарының 33,7 пайызы – 14-35 жас аралығындағы жастар. Оның ішінде жылдың бірінші тоқсанында 18-35 жас аралығындағы 314

NEET санатындағы жас бар екені анықталған. Дегенмен аудандық Жастар орталығының мамандары жүргізген адресстік жұмыс барысында олардың бірі студент, тағы бірі әскер қатарына алынғаны, тағы бірі басқа мекенге қоныс аударғаны секілді жайттар белгілі болған. Осылайша қазір нақты не оқу оқымайтын, не жұмыс істемейтін ауданда бар болғаны 25 өрен бар.

– Жастар – қоғамның қозғаушы күші, елдің ертеңі мен болашағы. Мемлекет тарапынан жастар саясатын дамытуға ерекше көңіл бөлініп, өңірлерде жастардың білім алуына, жұмыспен қамтылуына, бос уақытын тиімді өткізуіне, кәсіпкерлікпен айналысуына және рухани-мәдени дамуына жан-жақты жағдай жасалуда. Осы бағытта біздің мекеме аудан жастарын қолдау мен дамытуда маңызды рөл атқарып келеді. Биыл орталық жастардың әлеуметтік жағдайын жақсарту, құқықтық сауаттылығын арттыру, психологиялық қолдау көрсету, жұмыспен қамту және волонтерлік қозғалысты дамыту бағытында ауқымды жұмыстар атқарды. Сонымен қатар жастардың шығармашылық және интеллектуалдық әлеуетін арттыруға бағытталған жаңа жобалар іске асырылды.

Осы жылы жұмыспен қамтудың белсенді шараларына 150 жас тартылды. Оның 105-і тұрақты жұмысқа орналасса, 9-ы ақылы қоғамдық жұмыстарға жіберілді. 5 адамға «Жастар тәжірибесі» бағдарламасы бойынша жолдама беріліп, 23-і онлайн оқудан өтті. 8 жас «Бастау бизнес» жобасы бойынша білім алды.

Сонымен қатар «Жасыл ел» бағдарламасы аясында жастарды маусымдық жұмыспен қамту жалғасуда. Наурыз-сәуір айларында 70 адам жұмыспен қамтылып, жаз мезгілінде тағы 30 жасты тарту жоспарланған. «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы да тиімді жүзеге асырылып келеді. Аталған бағдарлама аясында жас мамандарға көтерме жәрдемақы мен тұрғын үй алуға бюджеттік несиелер беріліп, ауылдық жерлерге білікті мамандарды тартуға оң ықпал етуде.

«Заң және тәртіп» қағидаты аясындағы жұмыстар да белсенді жүргізілуде. 2026 жылдың I тоқсаны бойынша пробация есебінде 27 жас тіркелген. Оларды қоғамға бейімдеу

мақсатында 10 іс-шара өткізілді. Пробация есебіндегі жастардың әлеуметтік жағдайына келсек, 20-сы жұмыспен қамтылған. Одан бөлек, 6 өреннің екеуі бала күтіміне байланысты үйде болса, тағы осыншамасы жұмыссыз, қалғаны – студент. I жас тергеу изоляторында. Пробация қызметімен бірлесіп рейдтер, кездесулер және қайырымдылық акциялары ұйымдастырылды. Жастар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, қайта қылмысқа жол бермеу, психологиялық және құқықтық, діни сауаттылық, рухани тәрбие бағытында жұмыстар жүйелі жүргізілуде.

Биыл аудан көлемінде волонтерлік қозғалыс қарқынды дамыды. Жыл басынан бері 296 волонтерлік іс-шара ұйымдастырылып, оған 3856 жас волонтер қатысты.

Түрлі бағыт бойынша жүргізілген жұмыс аясында әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға, қарттарға және ерекше қажеттілігі бар азаматтарға көмек көрсету жұмыстары жоғары деңгейде ұйымдастырылды. 2026 жылдың Халықаралық волонтерлер жылы болуына байланысты ауданда ерікті жастар тобы құрылып, олар тиісті жұмыстарды атқаруда, – дейді аудандық Жастар ресурстық орталығының директоры Жандар Токсаба.

Аталған орталық былтыр бірқатар тың жобаларды жүзеге асырғаны белгілі. Биыл әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға, көпбалалы аналарға және тұрмыстық қиындықтарға байланысты өзіне уақыт бөле алмайтын әйелдерге арналған «Шаштараз» әлеуметтік жобасы іске қосылыпты. Ауыл келіндерінің бір күндік өмірін, ұмытылып бара жатқан салт-дәстүрлерді және ұлттық тәрбиені жаңа форматта насихаттауға бағытталған «Qazaqy Bolmys» жобасы аясында екі бейнетүсірілім жарық көріпті. Сондай-ақ денсаулықты жақсарту және түрлі аурулардың алдын алу мақсатында «MedVolunteer: Салауатты ұлт», жастар мен қоғам өкілдеріне арналған рухани-танымдық алаң ұйымдастыру, қатысушыларға тәжірибе алмасуға және пайдалы ойлармен бөлісуге мүмкіндік беретін «Таңғы шай» секілді басқа да жаңадан ашылған жобалар жұмыс істеуде.

Соңы. Басы 1-бетте

Менің өмірлік мектебім



Ол кезде аудандық газет орыс және қазақ тілінде шығатын. Редакцияда орыс тілінде жазатын журналистер облыстық газеттерге ауысып, орыс тілді мамандар керек болып жатыр екен. Сонымен, ойламаған жерден журналист болып шыға келдім. Мені бірден партия тұрмысы бөліміне бекітті. Бөлім меңгерушісі танымал ақын, журналистиканың майталманы Совет Әлімқұлов мені жылы қабылдап, ағалық қамқорлығына алды. Өмірімде газетке мақала жазып көрмеген маған алғашқыда шағын материалдар жазуды үйретті.

Мен де талпынып, басқа журналистердің жазғандарын мұқият оқып, зерделеп, талдап, журналистиканың қыр-сырын үйрене бастадым. Көп ұзамай кішігірім жазбалардан бастап, көлемді мақалаларды жазуға машықтандым. Сол жылдары аудандық газетте ҚазГудің журналистика факультетін бітіріп келген Маханбетәлі Дүйсебаев, Сапарғали Әлібаев, Болат Жаппарұлы сияқты кәсіби журналистер және азулы, тәжірибесі мол журналистер Совет Әлімқұлов, Құттымбет Райымбеков, «Штаб бастығы» аталып кеткен жауапты хатшы Лесбек Әзбергенов, жас буындар Бақытжан Оспанов, Бекет Момынқұлов, Дүйсен Молдақұлов, Уәсила Абумаликова қызмет жасады. Олардың әрқайсысының өз стилі, өз ұстанымы, жазу тәсілдері болды. Құттымбет ағамыз қолына қаламсап алып мақала жазбайтын. Блокнотына түсіріп алған деректерді бірден машинкаға дауыстап оқып бастыра беретін. Злиха жеңгеміз өзіне тән кәсіби жылдамдықпен лезде мақаланы басып беретін. Маханбетәлі Дүйсебаев маңғзданып, темекісін сәнмен шегіп, асықпай жазатын. Болат мақалаларын құйындатып, тез-тез жазып, жоқ боп кететін. Қайда барып, қайдан келгенін ешкім білмей қалатын.

Менің өмірімдегі ең үлкен өзгеріс аудандық газетте қызмет жасаған кезімнен басталды. Бұрын мектеп төңірегінен шықпай жүрген мен ауданның бүкіл елді мекендеріне барып, еңбек озаттарымен, елге сыйлы азаматтармен кездесіп, ой-өрісім кеңейіп, үлкен тәжірибе жинадым.

Өткен ғасырдың сексенінші жылдары аудандық газетті мол өмірлік тәжірибесі бар, бесаспап азамат Базар Қиыбаев басқарды. Бесаспап дейтінім, журналистика жанрынан бөлек, өлең, драма, проза да жазба беретін. Орынбасары – елімізге танымал балалар ақыны Совет Әлімқұлов. Екеуі құрдас, дос еді. Базекен досын «Сашка» деп еркелетіп атайтын.

Сәкең соны пайдаланып, анда-санда «еркелік» жасап қоятын. Сонда Базекен «құрғам, жоям» деп столды тоқпақтайтын. Болат досым «жүр, ортаға түсейік, татуластырайық» дейтін. Мен «екі достың ортасына түспе, лезде табысады» деймін. Айтқандай, біраз уақыттан кейін екеуіміз есіктен сығаласақ, Базекен жаңа өлеңін оқып жатады, ал Сәкең болса «Карамат» деп қойып, екеуі ештеңе болмағандай, мез-мейрам болып отырады. Сондай достық Болат екеуіміздің арамызда да болды. Арамыздағы достық қалжыңды бүкіл облыс білетін. «Чертополох» деген қалжыңды айтып кетейін. Лесбек ағамыз қаладан қатынап жұмыс істейді. Сол кісіге серік болып, біз де анда-санда түсте бірге шай ішеміз. Лекеннің кабинетінде бір бөтелке «чертополох» тұратын. Бірде, жұмыстың соңына қарай Базекеннің планеркасынан шығып, үйге қайтып бара жатсақ, бір орыс шал есік алдында жолығып, «Кто здесь Болат Жаппаров?» деді. Болат «менмін» деп жаңа кісімен қалып кетті. Ертеңіне «кешегі досың кім?» деп сұрап едік, аңғал досым «кеше асханаға барып едім, бір топ кітім түсіп қалыпты, соны тауып алып, асхана қызметкерлеріне кілт тауып алдым десе, сол жерде Болаттың рулас бір әпкесі жұмыс істейді екен, Болаттың кілттері болар» деп редакцияға жіберіпті.

Сол күні жұмыстың аяғына қарай Болат досым кабинетіне бір пакет әкеліп қойды. Пакетте екі бөлке нан және бір бөтелке арақтың басы көрініп тұр екен, оны маған Бақытжан інім жеткізді. Мен кабинетіне барып, мынау «орыстың баласы» маған жаман көзбен қарап тұр, жабылып ұрайық дедім. «Ойбай», тиіспендер, ол момын орыс» деді Болат. «Кеше үйге қонақтар келіп қалып, көршім Сатыбалдыдан қарызға алдым, бүгін апарып қарызын қайтармасам, Күләй мені өлтіреді» деді. Жанымдағылар қалай да болса ана шөлмекті құртайық деп мені қайрады. «Ондай болса біреуің Болатты келесі бөлмеге өтірік телефонға шақырындар, мына жақты мен қатырам» дедім. Болат келесі бөлмеге шығып кеткенде газетке оралған арақты пакеттен суырып алып, орнына сейфтің үстінде тұрған чертополохты тыға салдым. Шөлмекке тиген жоқпыз, ертен Болаттың өзімен ішеміз деп.

Ертеңіне Болатқа «қалай, Күләй ұрысқан жоқ па, Сатыбалдының қарызын қайтардың ба?» десем, ол «бөтелкені кеше кілттерімді әкеп берген орыс шалға рахмет сізге деп, қолына ұстатып жібердім»

дейді. Сонда аңқау досым газетке ораулы арақтың орнына чертополохты беріп жіберген ғой. Ести салып Болат орыс шалдың үйіне қарай шапты. Барса ол аң-таң болып отыр екен, маған берген рахметі осыма деп. Болат «у меня на работе есть одна собака, он пошутил» деп кешірім сұрап келді. Орамызда осындай қалжындар көп еді.

Менің еңбек жолымдағы ең қызықты, тәлімді кезең осы «Шұғыла-Радуга» газетінің қабырғасында өтті. Сәл тәжірибе жинағаннан кейін мені хаттар бөлімінің меңгерушісі қылып ауыстырды. Осы бөлімде менімен бірге Тұрсынқұл, Ардақ деген қыздар қызмет жасады. Сол жылдары қоғамдық негізде аудандық газет редакциясы кәсіподақ комитетінің төрағасы қызметін атқардым.

Ол кезде жаспыз, мекемеде көптеген мәдени-көпшілік жұмыстар ұйымдастырдық. Ең есте қалғаны – волейболдан «Шұғыла-Радуга» газетінің турнирі. Кезінде өзім волейбол ойнап, мектепте жұмыс істеп жүргенде Жеңістің 30 жылдығы мектебінің турнирін ұйымдастырғанмын. Сол кездегі аудандық спорт бөлімінің басшысы Токтар Төлегеновпен келісіп, Базекенге ұсыныспен кірдік. Ол кісі келісімін бергеннен кейін турнирді ұйымдастырдық. Бірінші жылы 14 команда қатысты. Содан кейін бұл турнир аудандағы ең ірі спорттық мерекеге айналды. Редакцияның алдына екі алаң құрдық. Ауыл жастары «Шұғыланың» турнирін асыға күтетін. Тараз қаласынан да командалар келіп қатысатын. Бас кезінде редакциядан команда шығарып, біз де турнирге қатыстық. Командамызда Совет Әлімқұлов, Болат Жаппаров, Дүйсен Молдақұлов, Сансызбай Махамбетқұлов, Сапарғали Әлібаев және мен болдым. Алғашқы турнирде ауданның мықты командаларымен тайталасып, төртінші орынды иелендік.

1986 жылы аудандық партия комитетінің нұсқауымен аудандық мәдениет бөлімінің басшылығына тағайындалғаннан кейін де жаңа орынды жатырқап, 2-3 ай күнде редакцияға келіп, «төркіндеп» кететінмін. Қарашаңырақта отырған Болат досым құрметпен күтіп алып, жақсылап «шығарып салатын». «Шұғыла» газеті мен үшін үлкен өмір мектебі болды. Ұзақ жылғы еңбегім ескеріліп, ҚР мәдениет қайраткері, Жамбыл ауданының Құрметті азаматы атандым. Бүгін қария жасына келіп отырып, сол кездерді сағынышпен еске аламын.

Мен 1980-1987 жылдар аралығында негізінен қой есірумен айналысатын «Пионер» кеншарында жүк көлігі мен трактор жүргізушісі болып еңбек ете жүріп аудандық «Шұғыла» газетіне сықақ және мысал өлеңдер жазып тұратынмын.

Журналистикаға шақырумен келгенмін



Тұрмаханбет ҚАЗАҚБАЕВ,
«Шұғыла-Радуга» газетінің
1987-1990 жылдардағы
тілшісі.

Бірде газет редакторы Базар Қиыбаев екі тақырыпқа мақала жазып келуге тапсырма берді. Олар жарияланды да.

Бір күні шаруашылық директоры Тұрсынбек Жапаров шақырып, «Сен аудандық газетке жұмысқа шақырылды. Енді трактордың кабинасынан редакцияның кабинетінен бір-ақ шығатын болдың» деп қуана құттықтады.

Редакторы Базар Қиыбаев басқаратын ұжым ұйымшыл екен. Мені жатырқаған жоқ, қайта жаңашырлық танытты. Атап айтқанда, редактордың орынбасарлары Совет Әлімқұлов, Бақытжан Оспанов, бөлім меңгерушілері Болат Жаппаров, Дүйсен Молдақұлов, Сансызбай Махамбетқұлов, Байтанағали Төлентаевтар түрлі жанрда мақала жазудан бастап, газеттің қалай шығарылатынын тәжірибе жүзінде үйретті.

Айналасы үш жылдың көлемінде сақа журналистке айналдым.

1990 жылы облыстық идеология бөлімінің сектор меңгерушісі Мұрат Сыздықовтың ұсынысы бойынша «Химпром» өндірістік бірлестігінің көптиражды «Химик» газеті редакторының орынбасары қызметіне шақырылдым.

Ары қарай 1993 жылы Арғынбай Бекбосынов облыстық «Ақ жол» газетіне, 2001 жылы Жанат Төлендиев облыстық «Тараз-хабар 2000» газетіне тілшілікке, 2005 жылы Жарылқасын Нұралиев республикалық «Аймақ+» газетіне бас редакторлыққа, Болат Бекжанов 2006 жылы облыстық «Ар-Ай» басылымына бөлім меңгерушісі ретінде, ал 2007 жылы Бақытжан Оспанов «XXI ғасыр Әулиеата азаматы» газетіне бас редактор қызметіне, сондай-ақ 2008 жылы ЖЖФЗ директорларының кадр бойынша орынбасары Тұрсынбек Әріпжанов «Қазфосфат» компаниясының «Фосфоршик» газетіне редакторлық қызметке шақырды.

Міне, аудандық «Шұғыла» газетінен жинап алып шыққан тәжірибемнің арқасында кез келген редакцияда кез келген лауазымда жұмыс жасайтын жағдайға жеттім.

Жоғарыда аттары аталған, аталмай қалған аға-әпкелерімнен кешірім сұрай отырып, бәріне шексіз алғысымды айтамын. Осы газетте істеген және істеп жүрген әріптестерімді «Шұғыланың» 60 жылдық мерейтойымен шын жүректен қызу құттықтаймын!

Школа «Шұғылы-Радуги»



Усила АБУМАЛИКОВА,
корреспондент газеты
«Шұғыла-Радуга» в 1982-
2015 годы

Работать было сложно, но интересно. Мы не замечали, как летит время. Не понаслышке знают это те, кто работал в районке, прошёл её азы и ступени роста, на деле испытал личную причастность к формированию газеты.

Газета оставалась востребованной всегда. В ней работали люди разных поколений, сформировавшиеся как журналисты, писатели и поэты, мастера печатного слова.

Районная газета – прекрасная школа для начинающего журналиста. Именно здесь он получает крепкую закладку для дальнейшего карьерного роста.

Учиться никогда не поздно. Сейчас я могу с уверенностью сказать, что знания и опыт,

Апрель 1982 года... Время, когда я впервые переступила порог редакции газеты. Это было при редакторе Базаре Килибаеве, его заместителе Совете Алимкулове, ответственном секретаре Лесбеке Азбергенове. К сожалению, их, талантливых журналистов и поэтов, учивших нас дорожить своей профессией, нет среди живых.



приобретённые в ходе журналистской и переводческой деятельности, весьма пригодились в жизни.

Немногие знают, как рождалась газета, кто стоял у её истоков. Идея названия газеты принадлежит её первому

редактору Сагату Арынову. Это сейчас компьютерной технологией используются практически все ресурсы для улучшения качества

и оформления газеты, а тогда, много лет назад, она выходила ручным способом, на литописном наборе, три раза в неделю: на казахском и русском языках, но насколько я помню, никто не жаловался на ненормированные часы, беспокойные дни и ночи, отлично понимая, что читатели всегда ждут оперативной подачи новостей из жизни района.

Отличную школу «Шұғылы-Радуги» прошли мастера печатного слова Маханбетали Дуйсебаев, Байтанагали Толентаев, Бакыт Сырлыбаев, Дуйсен Молдакулов, Бекет Момынкулов, Бакытжан Оспанов, Турсынкуль Ентаева и многие другие.

Интересно было работать с талантливым журналистом Болатом Жаппаровым, несомненно, внёсшим свою лепту в историю газеты, Шырын Бескемпировой, Ильясом Искаковым, Саттаром Килибаевым.

1 июля исполняется 60 лет со дня выхода в свет первого номера газеты. Поздравляю всех, кто работал в районке, с этой знаменательной датой, прошёл её азы и ступени роста, а также творческий коллектив редакции, кто сегодня ведёт отчёт своей журналистской деятельности, для кого газета стоила и стоит сил, переживаний, ожиданий, желаю больших успехов в освещении и мобилизации поставленных задач, планов на будущее.

Кадрлар дүкеніне айналған газет



Сәрсенбай КҮЗЕРБАЕВ,
Жамбыл ауданының
Құрметті ардагері.

Әрине, 60 жылдан бері аудан тынысының шамшырағына айналған басылымның арқалаған жүгі жеңіл емес. Өз тарихында талай тарланды тәрбиелеп, ұясынан ұшырды. Кезінде бұл газет кадрлар дүкеніне айналған деген жақсы пікір қалыптасқан еді. Басылым әлі күнге дейін бағытынан айныған емес. «Шұғыланың» шекпенінен шыққан тұлғалар егемен еліміздің өркендеуі жолында еңбек етіп жүр. Бұл басылым – бір ауданды ақпаратпен қамтып қана қоймай, талай қалам ұстаған азаматты қанаттандырған киелі құт мекен.

Мен 1980 жылдан бері газетте қызмет еткен журналистермен етене араласа бастадым. Жергілікті қаламгерлерге деген құрметім толастаған емес. Сол кездегі бас редактор Базар Килибаев тік мінезді, жаны

1 шілдеде аудан айнасы «Шұғыла-Радуга» газетінің жарыққа шыққанына 60 жыл толады. Ауданымызда жаңалықтың жаршысы атанып, жергілікті халықтың рухани байлығын арттыруды мақсат еткен басылым осы жылдар аралығында елдікті танытар, тұрмыс-тіршілігіміздің тінін жалғар, тәуелсіздігімізді тұғырлы етер туындыларды жариялап келеді.

жайсаң жан еді. Орынбасарлары – Совет Әлімқұлов көпшіл әрі жайдарлы болса, Бакытжан Оспанов іскерлігімен тәнті ететін. Бөлім меңгерушісі, кейіннен бас редактор болған Болат Жаппарұлы сезімтал, өнерге жақын арда азамат етін. Жанды дауыспен ән айтқанда, барлығы да ұйып тыңдайтын. Газетте бірнеше жыл тілшілік қызмет атқарған Бакыт Сырлыбаев адамдарды өзіне ұқыптылығымен, тиянақтылығымен баурап алатын. Жергілікті жұрттың есінде ауданның тумасы ретінде газеттің бұрынғы бас редакторы болып қалатын Сансызбай Махамбетқұловтың бойындағы адамгершілігі мен жұмысқа деген жанкиярлығын ұнататынын. Басшылық қызметтен кетіп, зейнетте жүрсе де, әлі де сол қалпында. Адамдықтан айныған емес.

Бізді шығармашылық байланыстырды. «Аса сазы» ансамблінің алғашқы жетекшісімін. Базар Килибаевтың «Көбейді қайта арманым», «Зымыран ба, ей, мына өмір?» атты өлеңдеріне ән жаздым. 1985 жылы Жеңістің 40 жылдығы қарсаңында әуесқой композиторлар шығармашылығы байқауы өтті.

Талап бойынша патриоттық сарындағы ән-күйлер орындалуы керек еді. «Ана сағынышы» деген күй шығардым. Совет Әлімқұловтың «Балалар соғысты көрмесін» өлеңіне ән жазып, Болат Жаппарұлына орындатқанымыз әлі есімде. 1987 жылы шағын құраммен Моңғолияның астанасы Ұлан-Батор қаласына саяхаттап бардық. Бірнеше концерт бердік. Сол делегацияның құрамында Жаппардың Болаты да болды. Жергілікті жұрттың алдында жанды дауыспен халық әндерін орындап, қошеметіне бөленді. Бүгінде ол кездер сағымға айналды.

Таң қылаң бере көкжиектен көтерілген күн лезде шартарапқа шұғылалы шуағын шашып, жер бетін әсем нұрға бөлейді. Тап солай, «Шұғыла» газетінің әрбір кезекті санын қолға алған оқырманның көңілін қуаныш кернесе екен деген тілегім бар. Аудандағы ілкімді істерді газет бетіне түсіріп жүрген журналистердің еңбегі құрметке лайық. Өңірдің өркендеуі және жарқын болашағы жолында қызмет атқарып келе жатқан шұғылалықтардың абыройы мен беделі арта берсін! Мерейтой құтты болсын!

Достық өзіндер

<p>БАҚЫТ СЫРЛЫБАЕВҚА Күйші де емес, әнші де емес, азамат — Басқан ізін байқатпайды аңдап қана тазалап, «Шұғыланың» мәдениеті жүруші ені «жазалап», Аудандағы мәдениетте бастық еттік «жазалап». Өнер деген өрелі іс, түсіңізге таза бақ! Өнерпаздар жүрмесі екен жүреміңді мазалап.</p>	<p>СӘРСЕН КҮЗЕРБАЕВҚА Ән жазып, күй шығарып, тілдесейің жер-көкпей, Өнер қонған көшпестей боп соң күні жорғектең. Директор боп, ұстаз болып жақсы-ақ шығар «жеректең». Өмір серік талпау қып жүрегінді тербеткен. Өзің сүйген «Шұғылаға» хабарлама берсейің, Таламды мей зарыңды мейіріңді шөлдеткен.</p>	<p>БОЛАТ ЖАППАРОВҚА Болат әнші, фелетоншы — туған елдің бағына, Дақ түсірмей келеді өсіп жігіттің сағына. Отағасы, үлгі өке, адал сүйген жарына, Күлім қаққан қыз-қырқынның жанашыры тағы да. Жамандықпен жұмысқанда жеңіс тілеп, қол соғып, Өте нұқсан келмесе екен, — деп тілейміз, — арына!</p>
<p>БАҚЫТЖАН ОСПАНОВҚА Бақытжан күн өтпесі «ертеңмен» Жігіт пе жігіт болып ортеңбеген. Ойыңды «Шұғыламен» серіп ашып, Жаныңда жақсылықпен жорықдесең ең. Сары ауыз баллаңыңа, сұңқар болдың, Қарайсың енді неге жемқуармен?</p>	<p>АБДУЛЛА ОЙЫБАЕВҚА Жарсаң жүйрік атқа өмілдірік, Әбке тұрсын алғи өмір күліп. Қартайған жәрі боз ең жүйрік ашқан, Жаза бер жыр маржанын төгілдіріп. «Төтеңің» тал бесіңін тербете бер, Сусаған әр жүректің өміп біліп.</p>	<p>ӘБДУМОМЫНОВҚА Жасыңда жауға шауып ураладың, Өмірдің жеңіл жағын сұрамадың. Ел кегін ертегіге ерлік етіп, Жеңістің әр күніне сымаладың. Өзіңнен дөріс алған барлық шөкірт, Елқашан түсірмесің мұраға миң!</p>

Береке мен бірліктің алтын ұясы



Айдана ҚУАТОВА,
«Шұғыла-Радуга» газетінің
2015-2025 жылдардағы
тілшісі.

Казакта «парыз» деген қасиетті ұғым бар. Бір ауыз сөздің салмағын сол парызды мойнына міндеттеп алған жан ғана шын түсінетін шығар. Мен Отан, ата-ана, қоғам, отбасы, балаларымның алдындағы парызыммен қатар еңбек жолымды бастаған «Шұғыланың» алдында да перзенттік борышым бар деп білемін. Себебі, дипломды қолына жаңа алып, редакция табалдырығын үмітінен күдігі мол, жатырқай да жасқана аттаған жас маманнан қалыптасқан адамға айналдырған шуақты шаңырақтан алтынға айырбассыз тәлім алдым. Бір әріп үйреткенге қырық жыл сәлем берсек, жақсы маман мен тәуір адам атануыма, ең жақсы қасиеттерді тұла бойына сіңіруге сеп болған, дамуыма демеу болған, мақала жазуды, журналистік қызметтің қыр-сырын ұғындырған, одан да маңыздысы, өмірде өз жолымды жаңылмай табуыма жол сілтеген редакцияға қашанда құрметім ерек болмақ.

Мен екінші төркіміне айналған редакцияны өзімше әкем әкелген әулет деп те атаймын. Оған бір емес, екі бірдей себеп бар. Бірі менің осында келуіме әкем себепкер болса, екіншісі – мен жұмысқа орналасып қана қойған жоқпын, мен бірлік пен берекеңіз ұясына ендім, құт қонған қарашаңырақтың бір бөлшегіне айналдым, жанашыр жандардың жүрек жылуын сезіндім, «Шұғылада» қызмет етіп, қазірде жұмыс орындарын ауыстырса да тығыз байланыстарын үзбеген, етене жақын араласқан жандардың арасына, жақсылар әулетіне ендім.

Осыдан 11 жыл бұрын Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетін аяқтап, қолыма дипломды алдым. Астана қаласында тастен өтіп, жақсы жердегі жұмыс орнымды да дайындап қойдым. Жалақысы да жаман емес еді. Таразға келіп, ата-анамның жанында біраз уақыт жүріп, қайта елордаға кетпек ойым бар. Сөйтіп жүрген күннің бірінде қалада шаруаларымен жүрген редакцияның іс жүргізушісі Роза Ашимова әпкеміз бос уақытында такси қызметімен айналысатын әкемнің көлігіне отырады. Сөйлесе келе редакцияда жұмыс істейтінін, газетке маман қажет екенін әңгіме етеді, ал әкем дипломды қолына жаңа алған қызының келгенін айтады. Менің оқудан келгеніме енді екі апта өткен. Кешке әкем газетте жұмыс барын, маман

60 жылдық тарихы бар «Шұғыла-Радуга» газеті Жамбыл ауданының ақпарат өзегі болып отыр. Осы жылдар аралығында бұл басылым талай таланттар, майталман мамандар, өз ісін жанындай сүйетін журналистиканың жанашырларын тәрбиелеп, қаншама жас маманды түлетіп ұшырып, бағыт берген құтты қарашаңыраққа айналды.



іздеп жатқанын айтқанда мені Астанаға жібергісі жоқ екенін ұқтым. Ертең барып бағынды сына деген әкем редакцияның Асада екенін де ескертті. Бала күнгі газетке құмарлығым мен журналист болам деген арманым мені мүлдем келіп көрмеген ауданға жетелеп әкелді. Сенсеңіз, қалада туып-өскен маған ауданға жұмысқа келу мүлдем қиындық тудырмады. Себебі мен жүрепкен шешім қабылдаған едім. Содан газет және журналист сөзін естігеннен Астанадағы дайын тұрған жұмысым жайында қалды да қойды. Әйтпесе менің бұрын-соңды жазған мақалам не кейбір тілшілердей өлеңнің басын құрайтын әдетім де шимай-шатпағым да жоқ еді. Бары – бала күнгі кітапқұмарлығым мен арманым ғана.

Сонымен не керек, осы аталған барымды қиялыма қанат қылып байлап Жамбыл ауданының орталығы Аса ауылына келдім. Атына заты сай, өмірімде бірінші рет жүздесіп тұрған Роза әпкем жақын адамын көргендей күлімдеп қарсы алды. Көпке сүйкімді, бала мінез Дүйсенбек Орманов ағайым да алдымнан шықты. Басында ақ кепкасы бар, көзі күлімдеп тұратын Дүйсен ағайдың сол кездегі бейнесі мен сөздері есімде мәңгі жатталып қалыпты. Содан редактор Сансызбай Бертайұлының кабинетіне кірдім, жоғарыда байыпты, байсалды, әр сөзінде салмақ бар, жұмсақтық пен талап бірдей сезілетін адам отыр екен. Ол кісі мені, мен ол кісіні барлай қарап отырмын. Іштей редактор деген бәрін білетін, кеменгер әрі ақылды адам болатын шығар деп ойлап қоямын. Осы ойымның қате болмағанына күні бүгінге дейін қайта-қайта көз жеткізіп келемін. Сансызбай ағай бір мақаланы көз алдында өңдеуге беріп, мен

тапсырманы өзінше орындап, екеуіміз сол кездегі аудан әкімінің орынбасары Үміткен Қапанқызының кабинетіне бірге бардық. Үміткен Қапанқызы мен Сансызбай Бертайұлы орта жолдан басқа жұмысқа ауыспаймын не кетіп қалмаймын деген уәдемі алған соң маған мол сенім артатындарын айтып, жұмысқа қабылдады.

Міне, содан бері табаны күректей 11 жыл уақыт өтіпті. Алғашқы жылдары жазып өткізген мақаламның қай жері түзеліп, түртілгенін, қай сөзімнің қысқартылып қалғанын көру үшін газет шыққанша тағатым таусылып, асығатынмын. «Редактор жиналысқа кабинетіне шақырып жатыр» деген Роза әпкенің хабарландыруын естіген сайын менің кем кеткен тұстарымды талқылайтын шығар, осы бір істі дұрыс істемеді деп айтатын болар деп іштей дайындықпен баратынмын. Бірақ, Сансызбай ағай жалпы жиналыс жасап, әрқайсымызға бір-бір істен тапсырып шығарып салатын. Ағай не мақтау, не даттау сөзді аузын ашып айтпады. Әр жолы осылай болды, өз ісімді қаншалықты дұрыс атқарғандым, не деңгейімді біле алмай дал болғандымды жасырып қайтем. Сондағы маған артылған жауапкершілікті арқалай алдым ба деген сұрақ қой көкейімді тесіп, тыным бермей бара жатқан. (Бұл сұрақтың әлі күнге дейін жауабын тапқан емеспін). Оған қоса, сонау Астанадағы жұмысымды тастап шамам келмейтін шоқпарды беліме байлады ба деген ой да жиі мазалады. Жазғандым көп өзгеріске ұшырамаса да, сағы сынбасын деп түртпей ме екен деп уайым шегемін. Осындай күдікпен арпалысқан күндерімнің бірінде бір іс-шарадан Сансызбай Бертайұлы мақтаған жаңадан келген қыз

сен болдың ғой деген сөзді студия мен үшін қандай қуаныш болғанын айтып жеткізе алмаппын. Сонда да расымен мені айтты ма екен деген уайым мені ұзақ уақыт толғандырған еді. Сансызбай ағайдың сондағысы бетімізден қақпай, белімізді буып, үнсіз ғана ісімен үлгі болып, сағынды сындырмай баулығаны, баптағаны екенін кейіннен ұғындық, ол бізге ағай берген өмірлік сабақ және жұқтырып алар жақсы қасиет болды. Көпке көлеңкесін түсірген, жастардың жанашыры болған, әр адамның жақсылығын асырып айтып жүретін Сансызбай Бертайұлындай ардақты адамның шәкірті болу менің үлкен олжам екені шүбәсіз. Жол сілтеуші, бағыт пен бағдар беруші болған ағайдың ең үлгі аларлық қасиеттерінің бірі – жастарды қолдап, жасамыстың да бойынан жылт еткен бір жақсы қасиет көрсе «ол жас мықты маман», «терең адам», «аяулы адам», «өте білімді», «өте еңбекқор» деп жүрген жерінде үнемі көтермелеп, қолпаштап мақтап жүретіні. Кей жағдайда кейбір адамның сүйкімсіз ісіне куә бола қалса, қабағына кірбің түсіп, жанына батып кетер еді. Ондай кездерде әлдекімнің теріс саналар әрекетіне шын жанашырлық танытып шын қиналушы еді. Бұл сәтте әлгі сүйкімсіз болып көрінген кісінің өзін де ісін түзей алмасымызды біліп, бар тигізер көмегіміз «ағай, шәй ішесіз бе?» дейтіміз ғана еді. Біздің ұжымда маңызды мәселеден басталған шәй үстіндегі әңгіме тағылымды әңгімеден бастау алып, өмірлік сабақ алар оқиғаларға, өміріндегі жауап таппай жүрген сұрақтарға жалғасар еді.

Басылымда еңбек еткен жылдарым ең ыстық әрі ең әдемі естеліктерімен есімде мәңгі қалады. Шұғылалықтар мен басылым – менің әр алға

басқан қадамымның куәгерлері. Аяулы әріптестерім өмірімде орын алған әрбір өзгерістің куәсі ғана емес, ең алғаш мен үшін шын қуанатын қолдаушыларым. Редакцияда мен жазуды, сұхбат алған әрбір кейіпкердің жанына тереңірек үңіліп, сырласа отырып, әңгіме өрбітуді, мақала өңдеуді, аз ғана сөйлеммен мағыналы да маңызды ақпарат беруді үйрендім. Газет редакциясы – ұрпақтар сабақтастығын жалғатқан, талай білімді маман түлеп ұшқан, қаншама жастың бағын ашқан, талабын шыңдаған қасиетті мекен. Бұл – талабына дем беретін, көңілдегі кірбің мен жүректегі жара емделетін құтты ұжым. Сенбесеңіз, біздің ұжымдағы жаны жайсаң жақсы адамдармен емен-жарқын әңгімелесіп көріңіз.

Редакциядағы әрбір жан – жазу мен жақсылыққа баулыған ұстазым Сансызбай Бертайұлы, бар білгендерін үйретіп, қарындасым деп қамқорлық танытқан Нұрасыл Сұлтанбаев пен Мақсат Жұмабаев, төс қалтасынан шыққан әрбір тәттісі, қайнап тұратын ыстық шәйі ғана емес, әр сөзі жаныңды жылытқан Дүйсенбек Орманов, әрдайым қолдап, қамқорлық көрсеткен жанашырларым Роза Ашимова, Алма Алиева, сырласым әрі ақылшыма айналған Ғалия Алиева, қызметімізді қатар бастаған Ильяс Қалыбеков, білімді маман Байтанағали Төлентаев, Жәнібек Асанов, Мираш Жолаева, әзіліміз жарасқан Асқар Толымбеков, Нұржан Татыбаев менің қалыптасуыма оң әсер берді.

Қарашаңырақтың дамуына бірнеше ұрпақ үлес қосты, өзіндік ізін, жазу мәнерін қалдырды. Сансызбай Бертайұлы алдыңғы аға буын салған сара жолды ізгілік пен мейірімге, адалдық пен адамдық басымдық беріп қалыптастырды. Ұрпақтар сабақтастығын, Сансызбай ағай тәлімін қазіргі редактор Нұрасыл Сұлтанбаев жалғап келеді. Сондықтан да болар бұл ұжымда шуақты да сәулелі сәттер мол. Мен Эльмира Түркменова, Шолпан Оразбаева, Іңкәр Сүлеймен, Нұрмырза Сырғабаяв, Мархабат Көпбосынова, Құрбанәлі Шахабай сынды редакцияда әр жылдары еңбек еткен тілшілермен бірге қызмет етпедім, бірақ біздің аразымда әріптес ретінде ғана емес, бір ұяның түлектері ретінде сақталған, бірімізге-біріміз көрсетер құрмет пен сыйластық бар. Бізді сенім мен сыйластықтың ұясына айналған ортақ отбасымыз – «Шұғыла-Радуга» редакциясы біріктіреді. Себебі, біз – шұғылалықтармыз, «Шұғыладай» қасиетті шаңырақтың шекпенінен шыққанбыз, біз – Сансызбай ағайдың шәкірттеріміз. Бізді қасиетті қарашаңырақ жақын жандарға айналдырды.

Босағасын бала болып аттап, бүгінде ана болып естелік жазып отырған менің жастығымның, алғашқы қадамымның куәсі, «Шұғыла-Радуга» газеті, жасай бер, ізгіліктің ізін жалғар шәкірттерің көп болсын!

ҚҰРБАН АЙТ

Меіраи қалай пайда болды?

Құрбан айт өзінің бастауын Алланың Ибраһимге жіберген сынағынан кейін пайда болған. Пайғамбар 86 жасына дейін бала сүймеген көрінеді. Тек 86 жасқа келгенде ғана бірінші ұлы Исмаил дүниеге келеді. Бір күні Ибраһимге Алладан әмір келіп, ол жалғыз ұлын құрбандыққа шалуға мәжбүр болады.



Алланың әміріне қарсы келе алмаған Пайғамбар қазіргі Мекке қаласы тұрған жерге, яғни Мина өзенінің жағасына келеді. Осында барлық дайындықтарды жасайды. Әкесі сияқты Аллаға берілген Исмаил әкесіне қарсы келмейді. Пайғамбар енді әрекет жасай бергенде, Алла оны тоқтатып, «сен менің сынағымнан өттің, маған шын берілгендігіңді дәлелдедің» дейді. Сөйтіп, құрбандыққа шалуға қой жібереді. Содан бастап Құрбан айтта құрбандыққа қой шалу дәстүрі басталыпты. Мұсылмандар ең ұлық мейрам Құрбан айтты (Ид аль-адха) хиджраның екінші жылы (мұсылмандардың жыл санауы) яғни, 624 жылдан бастап атап өтетін болған. Тәуелсіздігімізбен бірге елімізге оралған ұлық мерекенің тарихына да тоқталып өтсек, әлбетте, қазақ даласында ислам діні кіргеннен бастап Ораза айт пен Құрбан айт бірге жарасып келгені белгілі.

Алайда, түрлі кезеңдегі солақай саясаттың салдарынан, әсіресе, Кеңес Одағының құрамында болғандықтан, асыл дінімізге бұғау салынып, оның аясындағы мереке атаулы да халықтан аластатылғаны белгілі.

Қазақтардың алғаш Құрбан айтты тойлаулары туралы ақпараттар XIX ғасырдағы орыс жазбаларында кездеседі. Тарихшылардың зерттеген деректеріне сүйенсек, өткен ғасырдың басында, нақтылап айтқанда, 1926 жылға дейін халық арасында Ораза айт үш күн, Құрбан айт үш күн, Наурыз бір күн ресми мереке ретінде тойланып келген. Елдік мерекенің осындай ретпен тойлануына 1921 жылғы 5 наурызда Орынбор қаласында өткен Қазақстан Автономиялы Республикасы Орталық атқару комитеті Төралқасының «Мұсылмандар мерекесі» туралы қабылдаған шешімі негіз болған екен. Осы шешімнің қабылданатын отырысына

мемлекет қайраткері Сейітқали Меңдешев төрағалық жасаса, Алаш арыстары Ахмет Байтұрсынұлы мен Әлихан Бөкейхандар Төралқа мәжілісіне қатысқан екен. Бұл туралы Шәкәрім Құдайбердіұлы өзінің 1911 жылы Орынборда жарық көрген «Мұсылмандық шарты» атты еңбегінде: «Зекетке малы толған кісіге жылында құрбан күні бір қой шалмақ уәжіп болады», – деп айтқан.

Кейіннен Кеңес Одағының күшімен 1926 жылдан бастап мұсылмандар мерекесіне тыйым салынған болатын. Тәуелсіздіктің арқасында, яғни, 2005 жылғы 28 желтоқсанда Мәжілістің жалпы отырысында депутаттар «Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы» Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын қабылдап, соған сәйкес Құрбан айт пен Рождество мерекесінің бірінші күні елімізде демалыс күндері болып жарияланды.

Осылайша, егемендіктің арқасында біз осы ұлық мерекемен қайта қауыштық. Қауышып қана қоймай, Құрбан айттың қоғамдағы орнына ерекше мән берілді, оның ресми мәртебесі жаңғырып, тарихи әділеттілік қайта орнықты. Халықтың талап-тілегі ескеріле келе, Құрбан айт мемлекеттік деңгейде аталып өтілетін болды.

Құрбан шалу – діни мәдениеттің ең көне формасы. Ол қазіргі діндер пайда болмай тұрып көп уақыт бұрын пайда болған. Көне заманғы адамдардың түсінігі бойынша, бұл салт табиғаттың рухы мен Жаратушының разылығы үшін жасалған. Ендеше сол адамзат дамуымен бірге жалғасып келе жатқан ізгі мереке қараңғыда халқымыздың барлық дұға-тілектері қабыл болып, еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай.

Жайна БЕКНАЗАРОВА,
аудандық «Жастар ресурстық орталығының» жастармен жұмыс жөніндегі теолог маманы.

ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ – МЕРЕЙЛІ МІНДЕТ

Қазіргі қоғамда мемлекеттік қызметшінің рөлі ерекше. Ол – мемлекеттің бет-бейнесі, халық пен билік арасындағы сенімді байланысты қамтамасыз ететін тұлға. Сондықтан мемлекеттік қызметшінің кәсіби қабілетімен қатар, оның этикалық нормаларды сақтауы аса маңызды.

ӘДЕП ПЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ БАСТЫ ҚАҒИДАТЫ

Этика – қызметшінің мінез-құлқын, іс-әрекетін және азаматтармен қарым-қатынасын реттейтін негізгі қағидалар жиынтығы. Мемлекеттік қызметшінің этикасының басты негізі – адалдық пен әділдік. Қызметші өз міндетін орындау барысында заң талаптарын сақтап, жеке мүддесін емес, қоғамдық мүддені бірінші орынға қоюы тиіс. Сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу, қызметтік өкілеттігін асыра пайдаланбау – этикалық жауапкершіліктің маңызды көрінісі. Адал мемлекеттік қызметші ғана халықтың сеніміне ие бола алады.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметші әдептілік пен мәдениеттілікті ұстануы қажет. Азаматтармен қарым-қатынаста сыпайы сөйлеу, сабыр сақтау, олардың мәселесіне түсіністікпен қарау – кәсіби этиканың ажырамас бөлігі. Әрбір адамға тең қарап, ұлтына, тіліне, әлеуметтік жағдайына қарамастан құрмет көрсету – демократиялық қоғамның басты талабы.

Жауапкершілік те мемлекеттік қызметшінің этикасында маңызды орын алады. Қабылданған шешімдер көптеген адамдардың тағдырына әсер етуі мүмкін. Сондықтан әрбір шешім жан-жақты ойластырылып, заңға және адамгершілік қағидаларына сай қабылдануы тиіс. Өзі ісінің нәтижесіне жауап бере білу мемлекеттік қызметшінің кәсіби кемелдігін көрсетеді.

Сонымен бірге мемлекеттік қызметшінің этикасы – қоғамның тұрақтылығы мен дамуының маңызды кепілі. Этика нормаларын сақтайтын, адал, әділ және жауапты мемлекеттік қызметші ғана халыққа сапалы қызмет көрсетіп, мемлекеттің беделін арттыра алады. Сондықтан мемлекеттік қызметшінің этикасы әрдайым басты назарда болуы тиіс.

Дамира БЕРКІМБАЕВА,
аудандық мемлекеттік қазынашылық басқармасы басшысының орынбасары.



БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Жамбыл ауданының 2026 жылғы қаңтар-сәуір айларындағы әлеуметтік-экономикалық дамуы

2026 жылғы 1 сәуірге Жамбыл ауданының халық саны 51014 адамды құрады. Ауданда ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен негізінен шаруа қожалықтары мен жұртшылық шаруашылықтары айналысады. Есепті мерзім ішінде төрт түліктің барлық түрінің өнімдерін қоса есептегенде 1769,6 тонна ет, 6201,3 тонна сүт, 16791,5 мың жұмыртқа алынды. Мал басын өз төлдері есебінен көбейту арқылы мүйізді ірі қара мал саны 33774 басқа, қой 279472 басқа, ешкі 11693 басқа, жылқы 20508 басқа, түйе 60 басқа, үй құстары 386587-ге жетті.

2026 жылғы қаңтар-сәуір айларында өнеркәсіп кәсіпорындарымен (шағын кәсіпорындар, қосалқы

өндіріс және үй шаруашылықтарын қосқанда) 16184,6 млн теңгенің өнеркәсіп өнімдері өндірілді. Өнеркәсіптік өндірістің индексі 2025 жылғы сәйкес кезеңге 98,4 пайызды құрады.

Аудан бойынша қаңтар-сәуір айларында негізгі капиталға салынған инвестициялардың көлемі 11251,1 млн теңгені, пайдалануға берілген тұрғын үйлер 16565 шаршы метрді, құрылыс жұмыстарының көлемі 2452,7 млн теңгені құрады.

Есепті мерзім ішінде ауданда бөлшек сауданың көлемі 6463,7 млн теңгені құрап, оның ішінде азық-түлік тауарлары 550,2 млн теңгеге, азық-түлік емес тауарлар 5913,5 млн теңгеге сатылды.

БӨБЕКЖАЙДА

ЗАҢҒА БАҒЫНҒАН БАЛҒЫНДАР



«Жәнібек» бөбекжай-бақшасында «Заң және тәртіп» айлық аясында бүлдіршіндердің құқықтық сауаттылығын арттыруға, тәртіп пен жауапкершілікке баулуға бағытталған түрлі тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырылды. Айлықтың негізгі мақсаты – балалардың бойына адалдық, әділдік, сыйластық секілді адамгершілік қасиеттерді сіңіріп, қоғамдық тәртіптің маңызын түсіндіру.

Шара барысында тәрбиеленушілерге заң ұғымы қарапайым әрі түсінікті тілде түсіндірілді. Тәрбиешілер ойын, ертегі, сахналық көріністер арқылы балаларға «жақсы» мен «жаманды» ажыратуды үйретіп, дұрыс мінез-құлық қалыптастыруға ерекше көңіл бөлді. Сонымен қатар, үлкендерді сыйлау, бір-бірі

ренжітпеу, ойыншықтарды бөлісу, тазалық сақтау секілді қарапайым ережелердің өзі тәртіптің алғашқы баспалдағы екені айтылды.

Айлық аясында ересек «Қарлығаш» және «Көгөршін» орта топтарында «Менің құқықтарым», «Тәртіп – тәрбие бастауы», «Бағдаршам» тақырыптарында ұйымдастырылған іс-әрекеттер,

танымдық әңгімелер, сурет байқаулары мен көрмелер өткізілді. Балалар өз құқықтарымен қатар, міндеттерінің де бар екенін түсіне бастады.

Сондай-ақ «Жақсы мен жаман», «Әр ойыншықтың өз орны бар», «Мен тәртіпті баламын» атты тақырыптық ойындар мен көріністер балалардың қызығушылығын арттырып, ой-өрістерін кеңейтті. Бүлдіршіндер қойылған сұрақтарға белсенді жауап беріп, өз ойларын еркін жеткізуге талпынды.

Шара барысында ата-аналармен де тығыз байланыс орнатылып, құқықтық тәрбие беру мәселелері кеңінен талқыланды. Тәрбиешілер тарапынан отбасында балаға тәртіп пен мәдениет қалыптастырудың маңызы түсіндіріліп, арнайы кеңестер берілді. Өйткені бала тәрбиесі – отбасы мен балабақшаның ортақ міндеті.

Бүгінгі таңда заң мен тәртіпке бағынатын саналы ұрпақ тәрбиелеу – қоғам алдындағы маңызды міндеттердің бірі. Осы бағытта ұйымдастырылып отырған мұндай шаралардың тәрбиелік мәні зор. Себебі бүгінгі бүлдіршін – ертеңгі ел азаматы. Олардың бойына адалдық, әділдік, жауапкершілік қасиеттерін сіңіру – баршамызға ортақ парыз.

Пернекул ТӘЖІБАЕВА,
«Жәнібек» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі.

Тласпаға түскен шежіре



«Шұғыла-Радуга» газетінде мүйізі қарағайдай қаламгерлермен қатар облысқа, елімізге танымал фототілшілер де қызмет еткен. Әдетте газетіміздің арғы-бергі тарихында еңбек еткен қызметкерлер туралы жазғанда журналистер туралы жиі айтылып, фототілшілер жайы сырт қалып қоя беретіні бар. Алайда басылым шежіресінде олардың алатын үлесі зор. Аудан айнасының 60 жылдығына орай басылымда ұзақ жыл фототілші болып еңбек еткен Сейсенбек Айтбаевтың әр жылдары түсірген суреттерін оқырман қауымға ұсынғанды жөн көрдік.



ЖАМБЫЛ АУДАНЫ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ
ШҰҒЫЛА-RADUGA
Төле би көшесі 36 Б

МЕНШІК ИЕСІ:
«Шұғыла-Радуга» газеті
редакциясы» ЖШС

Бас редактор:
Нұрасыл СҰЛТАНБАЕВ

Қабылдау бөлмесі: 2-17-98
Бас редактормен тікелей
байланыс: 87765549701

**Бас редактордың
орынбасары:**
Тілшілер:

Мақсат ЖҰМАБАЕВ
Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ
Шұғыла АҚШАБАЙ
Құрбанәлі Шахабай
Жұматай Көксубайұлы
Ғалия АЛИЕВА

87059774177
87474240395
877770284244
87788758489
87088419629
87075853423

Дизайнер-теруші:
**Бас редактордың
орынбасары:**
Тілшілер:

2-20-24
2-13-44

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде
07.10.2021 жылы қайта тіркелген.
Тіркеу куәлігі №КЗ87VPY00041240

Редакция авторлардың көзқарасы,
жарнама мазмұны үшін жауап
бермейді. Жарияланбаған хатқа жауап
қайтарылмайды.

Газет «Шұғыла-Радуга» газеті
редакциясында компьютерде теріліп,
беттелген. Қалыбы «Қанатты қалам
әлемі» ЖШС-нде жасалып, көбейтілді.
080012, Тараз қаласы, Төле би көшесі 36 Б.

Таралымы 3058 Тапсырыс №366

Нөмірдің кезекшісі: Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Газет аптасына 2 рет,
сәрсенбі, жұма күндері
шығады.
Газета выходит 2 раза в
неделю, в среду и в пятницу.

Индекс: 68991

Электронды пошта:
sugyla@bk.ru

Біздің мекенжайымыз:
Индексі 080200, Аса ауылы,
Абай көшесі 78-үй.